



Автор: НУРГАЛИЕВА АЙНУРА ИЗДАШОВНА
Пән: Қазақ тілі (Т1)
Сынып: 5-сынып
Бөлім: Жануарлар әлемі мен өсімдіктер дүниесі
Тақырып: Төрт түлік

Төрт түлік	Пәні: қазақ тілі Бөлімі: Жануарлар әлемі мен өсімдіктер дүниесі Мектеп: Ж Кереев атындағы орта мектебі Күні: Мұғалімнің аты-жөні: Нурғалиева Айнура Издашовна Сынып: 5 Қатысқандар:22 Қатыспағандар:0 Сабақ тақырыбы: Төрт түлік Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары Т/А3. Тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, негізгі және қосымша ақпаратты анықтау Ж2. Жанрлық ерекшеліктеріне сай рәсімделуі мен құрылымын сақтап, хат, жарнама, хабарландыру құрастырып жазу. Сабақ мақсаттары Барлық оқушылар орындай алады: Тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсінеді Хат, жарнама, хабарландыру құрастырады. Оқушылардың көпшілігі орындай алады: Тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсінеді, негізгі ақпаратты анықтайды Құрлымын сақтап хат, жарнама, хабарландыру құрастырып жазады. Кейбір оқушылар орындай алады: Тыңдалған мәтін мазмұнын түсініп, негізгі, қосымша ақпаратты анықтайды Жанрлық ерекшеліктеріне сай рәсімделуі мен құрылымын сақтап, хат, жарнама, хабарландыру құрастырып жазады
------------	--

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
-----------------	------------------------	-----------

<p>Төрт түлік (23.11.2019)</p>	<p>Сабақтың басы Сыныпта жағымды ахуал туғызу. 1) Психологиялық дайындық Егер сіздер қазақ тілі пәнін жақсы көрсеңіз,оң қолдарыңызды көтеріңіздер Егер сіздер бүгінгі сабаққа өте керемет қатысамыз десеңіздер екі қолындарыңызды көтеріңіз Егер сіздер өз елімнің патриотымын деп есептесеңіздер алақандарыңды соғыңыздар Біз қазақ ежелден мал баққан елміз Ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз –деп тақтаға назар аударайық Тақырыпты анықтайды Осы суретке қарап, бүгінгі біздің сабақтың тақырыбы не деп ойлайсыздар? -Ия, дұрыс айтасыздар. Сабақтың тақырыбы «төрт түлік» 2)Топқа бөлу сөздер арқылы Төрт түліктің түрлеріне байланысты сөздер арқылы топқа бөлу I топ «Ойсылқара» Суреттері:(түйе, бота, тайлақ, нар, бура, інген) II топ «Шопан ата» Суреттері:(Қой, қозы., тұсақ, саулық, қошқар,) III топ «Қамбар ата» Суреттері:(Жылқы, құлын, тай, бие, айғыр, жабағы) IV топ «Зеңгібаба» Суреттері:(сиыр, бұзау, баспақ, қашар, өгіз) Сабақтың ортасы Олай болса, төрт түліктуралы мәтін тыңдайық Т Мәтінді тыңдаңдар. Тыңдалым және айтылымтапсырмасы 1-тапсырма Тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, негізгі ақпаратты анықтау мақсатында «Шындық па немесе жалған ба?» стратегиясы қолданылады. Берілетін сөйлемдер : 1. Қазақ халқы негізінен мал шаруашылығымен айналыспаған - 2. Төрт түлік малдың әрқайсысын халық барынша өнімді , орынды пайдалана білген. + 3. Түйенің тұқымы төртке бөлінеді- 4. Түйе екі жылда бір боталайды+ 5. Жылқы лай суды ішпейді+ 6. Сиыр жыл бойы сүт бермейді- 7. Қой малы өсімтал, сақ.-8. Ешкіні сыйлы қонаққа соймайды.+ 9. Ешкі жеке түлікке есептелмейді+ 10. Халқымыз малдың қадірін , психологиясын жете білген+ 2-тапсырма «Адасқан сөздер» Жазылым тапсырмалары 1) 11- тапсырма Төрт түліктің жасына қатысты атауларды «Қос жазба» күнделігіне жазып шық. Төрт түліктің жасына қатысты атаулар Түсініктеме Жабағы 5-6 айлық ересек құлын Құнан 3 жасар жылқы Тайлақ 1 жасқа толған бота Бағлан 5-6 айлық қозы Тоқты 1 жасқа толған тоқты 2) 9-тапсырма халық ұғымында әр малдың иесі , пірі бар Әр малды өзінше шақырады. Осыларға байланысты атаулармен сөздерді кестеге салып толтыр Төрт түліктің түрі Малдың иесі, пірі Малды шақыру Түйе Ойсылқара Көс-көс Жылқы Қамбар ата Құрау-құрау Сиыр Зеңгі баба Әукім –әукім Қой , ешкі Шопан, Шекшек Пұшайт-пұшайт 1 «Қ.Б» «Бас бармақ» 3) тапсырма Тыңдалған мәтін мазмұнын түсініп, негізгі, қосымша ақпаратты анықтау мақсатында «Қабырғадағы рөл» стратегиясы I «Ойсылқара» тобы түйе туралы қосымша ақпаратты анықтау, тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіне отырып, негізгі ақпаратты анықтау II «Қамбар ата» тобы жылқы туралы қосымша ақпарат анықтау, тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіне отырып, негізгі ақпаратты анықтау III «Шопан ата» тобы қой туралы қосымша ақпаратты анықтау, тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіне отырып, негізгі ақпаратты анықтау IV «Зеңгібаба» тобы сиыр туралы қосымша ақпарат анықтау, тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіне отырып, негізгі ақпаратты анықтау «Қ.Б» «Үш шапалақ 4) Берілген сөз тіркестерін қатыстырып, әр топ төрт түлік өнімін насихаттайтын хат, жарнама, хабарландыру мәтінін құрастырады I «Ойсылқара» тобы түйеден алынатын өнімдерге байланысты хат, жарнама, хабарландыру құрастырады (мысалы: шұбатты) II «Қамбар ата» тобы жылқы өнімдеріне хат, жарнама, хабарландыру құрастырады (қымыз, қазы-қарта, жал-жая) III «Шопан ата» тобы қой өнімдеріне хат, жарнама, хабарландыру құрастырады IV «Зеңгібаба» тобы сиырдан алынатын өнімдерге хат, жарнама, хабарландыру құрастырады . Қажетті сөз тіркестері: емдік қасиетке ие, дәрумендерге бай, табиғи өнімдер, қоспасы жоқ «Қ.Б» «Бас бармақ» Сабақтың соңы Рефлексиясы: «Бесбармақ» тәсілін қолданамын Бас бармақ: -Бүгін сабақта не үйрендім? Балалы үйрек: -Мен топта қалай жұмыс жасадым? Ортан терек: -Мен қандай мағызды нәрсені білдім? Шылдыр шүмек: -Сабақ маған ұнады ма? Кішкене бөбек: -Сабақта мен өзімді қалай сезіндім? Бағалау критерийлері Тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, негізгі және қосымша ақпаратты анықтайды Жанрлық ерекшеліктеріне сай рәсімделуі мен құрылымын сақтап, хат, жарнама, хабарландыру құрастырып жазады Дескриптор Тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсінеді Негізгі және қосымша ақпаратты анықтайды Хат, жарнама, хабарландыру рәсімделуімен құрылымын сақтайды Төрт түлік өнімдерін насихаттайды.</p>	<p>hello_html_395bf94 full_pxnhAjmB search изображений найдено в Яндекс.Картинках hello_html_395bf94 full_pxnhAjmB search 21 тыс изображений найдено в Яндекс.Картинках</p>
------------------------------------	--	---